

FTAMP 14.07.09

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v67i2.1219>

Кабулова Шахниза<sup>1\*</sup>, Ордабекова Хафиза<sup>2</sup>,  
<sup>1,2</sup> «SDU University», Қаскелең, Қазақстан  
 \*e-mail: [shahniza.kab@gmail.com](mailto:shahniza.kab@gmail.com)

## ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНДАҒЫ ЭТНОЛЕКСИКАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Аңдатпа.** Тіл – этностың рухани және мәдени байлығының негізгі көрсеткіші. Этностың ұлттық болмысы, ұлттық дүниетанымы, ұлттық ойлау жүйесі туралы тілдік деректер оның тіл бірлігінде сақталып, сол арқылы болашақ ұрпаққа жеткізіліп отырады. Кез келген халықтың тіл көрінісі оның тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты және сол тіл әлемінен мол деректер береді. Этнолексикалық бірліктердің астарындағы мәдени ақпаратты ашу арқылы сол халықтың дүниетанымын, мәдениетін тануға болады. Қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінен мол ақпарат беретін тілдік деректердің бірі – халық ауыз әдебиеті, атап айтқанда, жыраулар поэзиясы, шешендік сөздер, лиро-эпостық жырлар, т.б.

Мақалада мектеп оқушыларына «Қыз Жібек» жырындағы этнолексиканың танымдық сипатын оқыту жолдары қарастырылады. Осыған сәйкес жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде тапсырмалар кешені мен жаттығу үлгілері көрсетіледі. Атап айтқанда, жырдағы ұлттық мәдениетімізден хабардар ететін этнотанымдық бірліктерге этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасалып, оқыту барысында түрлі тапсырмалар негізінде оқушылардың этнотанымдық белсенділігін арттыру мен этнотанымдық құзыреттілігін қалыптастыру жұмыстары жасалды.

**Түйін сөздер:** жаңартылған білім беру бағдарламасы, құндылықтар, дағды, оқыту әдістері, оқыту мақсаттары, этнолексика, этнолингвистикалық талдау, тілдік ақпарат, мәдени ақпарат.

### Кіріспе

Қазақ әдебиеті – қалыптасқан тарихы бар, әлем әдебиетінде өзіндік орнымен ерекшеленетін бай әдебиет. Әлем әдебиетіне қосар үлесін ғаламдық мәдениетпен ұштастыра отырып, пән ретінде оқушылардың танымдық әлеуетін кеңейтеді. Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытуда қазақ әдебиетінің мазмұнын, стилін, идеяларын және жанрын бағалай білу, талдау жасау, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Қазақ әдебиетін оқу барысында оқушылардың көркем шығармалардағы көтерілген мәселелерді жан- жақты талдау, бағалау, өзіндік ой айту дағдылары қалыптасады, бұл рефлексия дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызады [1].

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты оқушыларды шығармашылық ойлауға бағыттау, олардың өз ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және талдау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Оқушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Теориялық материалдар оқушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, проблемаларды зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Қазақ әдебиеті туындылары жасөспірімдердің рухани қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне сәйкестендіріле, қазақша ойлау және сөйлеу, жазу, тыңдағанын түсіну,

монолог, диалог, пікірталас жасау дағдыларын қалыптастырып, талдап, тану негізіне сәйкес құрылған.

Қазақ әдебиеті қазақ тілімен аса тығыз байланыста қарастырылады, себебі тіл – әдебиеттің бастау көзі. Ал әдебиет – бастаудан шыққан сөйлеудің, тілдің ең жоғарғы, аса үлгілі қазынасы, кемел өрнектері. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бағдарламаларының түйісетін нүктелері көркем мәтінді талдау жүйесі болып алынып отыр. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің тарихпен және тағы басқа пәндермен байланысы сақталады. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының өзінің ішкі рухани құндылығын және сыртқы дүниемен коммуникативтік қарым- қатынас жасау дағдысын қалыптастыруды көздейді[2].

Қазақ әдебиетінің оқу бағдарламасы оқушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған. Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы оқушылар:

- қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;
- қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама- қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;
- түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;
- заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

## Материалдар мен әдістер

Жаңартылған білім беру бағдарламасы көркем әдеби шығармалардың белгілі бір жүйесін, әдебиет теориясынан мәліметтерді, оқушылардың әдебиетті коммуникативтік бағытта, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым арқылы меңгеруіне керекті әдістер мен тәсілдер, құралдар жүйесін қамтиды[3].

«Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасының мазмұны мен құрылымы оқу мақсаттарына негізделіп құрылған. Пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады[4]:

1-бөлім. Түсіну және жауап беру.

2-бөлім. Анализ және интерпретация.

3-бөлім. Бағалау және салыстыру.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бойынша пәндік білім мазмұнын қамтитын бөлімдер өз ішінде білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен оқушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

Зерттеу жұмысымызда жаңартылған білім беру бағдарламасының оқыту мақсаттарына сәйкес «Қыз Жібек» жырын оқыту барысында оқушылардың этнотанымдық және лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту жолдары қарастырылады.

## Негізгі бөлім

Оқыту әдісі – лингводидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттарымен және міндеттерімен анықталады. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімділігімен байланысты. Ол мұғалім мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Нәтижесінде білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүние танымдылығы мен қабілеттілігінің артуы [5].

Жалпы педагогиканың әдістерінен әр пәннің өзіне тән әдістері шығады. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Сонымен

қатар, педагогиканың түрлі аспектілері, атап айтқанда, оқушыға бағдарланған әдіс- тәсілдер, проблемаларды шешу, рефлексиялық оқу және бірлескен оқу тәсілдері қолданылады. Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі.

Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер[6]:

1) ауқымды мәнмәтін бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізу және белгілі бір мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;

2) жанрларды түрлендіру (драманы хикаятқа немесе хикаят тарауларын драмалық шығармаға айналдыру) және оның әсерін бағалау;

3) рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алып, сұрақтар қою (мүмкін болса, авторлармен, фильмді түсірушілермен кездесулер ұйымдастыру);

4) оқушылардың сөйлеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, ми шабуылы, дебат, стратегияларды қолдану;

5) оқушының бүгінгі қоғамға лайық жеке тұлғалық қасиеттерін, оның рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тіліндегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;

6) оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубы» және монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасау;

7) оқу үдерісінде түрлі ұнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингафондық аппараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламаларын іске асыруда қолданылатын тәсілдерге құндылықтарға бағдарланған тәсіл, тұлғаға бағдарланған тәсіл, іс-әрекетке бағдарланған тәсіл, саралап оқыту тәсілі, коммуникативті оқыту тәсілдерін жатқызамыз.

Мақаламызда жоғарыда аталған мәселелерге сәйкес, оқыту үдерісіндегі оқушылардың этнотанымдық, лингвомәдени құзыреттілігін арттыру мақсатындағы сөзді тану, сөздік қорды дамыту, этномәдени бірліктердің астарындағы мәдени кодты ашу, сөздікпен жұмыс, көнерген сөздермен жұмыс, көркем мәтінді лингвистикалық аспектіден талдауға бағытталған әдіс-тәсілдерді жинақтау жұмыстары жасалды. Осы орайда тіл дамыту, яғни оқушылардың танымдық білімін дамыту – ең негізгі жұмыстардың бірі.

Түсіндіру әдісі – халық ауыз әдебиетін, атап айтқанда, лиро-эпостық шығармаларды немесе күрделі көркем шығармаларды оқытуда көнерген сөздер, тұрақты сөз тіркестерін, тұрақты теңеулерді түсіндіруде қолданады. Сабақ барысында таныс емес сөздер бойынша сөздіктермен жұмыс жасалады. Сондай-ақ лиро-эпостық жырлардағы этнолексикалық бірліктерді талдауға арналған нақты практикалық тапсырмалар мен жаттығулар негізінде түсіндіріледі. Мысалы: «Қыз Жібек» жырын оқыту барысында жыр жолдарындағы «торқа», «дүрия бешпент», «шытырма көйлек», «қамқа», «күйме», «бидайық» сөздерінің мағынасын Ж.Манкеева, Е.Жанпейіс, Ө.Жәнібеков, Р.Сыздық, Н.Уәли еңбектерін және қазақ этнолингвистикасына қатысты сөздіктерді пайдалана отырып түсіндіреміз.

Салыстыру әдісі арқылы оқушы тиянақтау, салмақтау, бағалау, қайта қарастыру, сұрыптау, таңдау жасайды. Мысалы: сабақты видеосабақ форматында өткізіп, «Қыз Жібек» фильмін көрсетіп, салыстыру жұмыстарын жүргізуге болады.

Көрнекілік әдіс – сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Оқушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылықтарына сәйкес түрлі ақпараттық-танымдық бағыттағы суреттер мен заттарды (мәселен, «Қыз Жібек» жырындағы қазақ халқына тән киім-кешек атаулары, тұрмыстық заттар, т.б.) бейнематериалдарды, түрлі ойындарды, танымдық ақпараттарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы, ірі екі немесе үш түстен болуы керек. Мысалы: этнолексиканы меңгерту барысында ұлттық мәдени ақпарат беретін тұрмыстық заттардың, киімдердің суретін көрсету арқылы немесе әртүрлі тірек кестелер және таблицалармен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге

болады. Ы. Алтынсарин «натуралды әдіс» туралы былай деген: «балаға айтып түсіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Бұл әдісті сөздік қорды дамытуға қолданады [7].

Дидактикалық әдіскеойын технологиясы, ойын элементтері бойынша мәтінді талдау кіреді. Сабақтың мазмұнына сай таңдалған дидактикалық ойындар оқушылардың көркем мәтіннің этнотанымдық қабатын меңгертуде білімін бекітіп, сөздікпен жұмыс жасау барысында этнотанымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі[8].

Фильм дидактикасы. Интербелсенді тақтадан «Қыз Жібек » фильмінен үзінділер мен суреттер көрсетіледі.

«Қыз Жібек» жырын оқыту барысында оқушылардың этнотанымдық деңгейін дамыту мақсатында лексикалық білім беру барысында оқушылар сөздердің этнолексикалық мағынасын игеру ғана емес, оның сөйлемде пайдаланылуы, дұрыс қолданылуы, сөздіктегі мағынасы мен жырдағы мағынасы және ол мағынаның қолданылуы бойынша жаттықтыру жұмыстарын жүргізеді. Бұл дағдыландыру жұмысы сол сөз бен сөз тіркестерінің сөйлеу әрекетіндегі мақсатқа сай қолдана білу икемділігін арттыра отырып, сөздік қорын саны жағынан ғана емес, сапа жағынан да арттыруға ықпал етеді. Мәселен, оқушылардың ұлттық танымын арттыру мақсатында азан шақырып ат қою мәселесіне қазақ халқы қалай көңіл бөлген? Бала өміріне мән беру секілді мәселелерге ұлттық көзқарасын жырдағы үзінділер арқылы түсіндіруге болады. «Төлеген деп қойыпты ұлдың атын... Жұрт жиып Сансызбай деп атын қойды». Ат қою тарихын айту. Қазақ халқының ат қоюға аса үлкен мән бергені, т.с.с. талдаулар арқылы оқушылардың этнотанымдық құзыреттілігін қалыптастырамыз.

### Нәтижелер мен талқылаулар

«Қыз Жібек» жырын оқыту барысында оқушылардың этнотанымдық белсенділігін арттыру әдістемесі

Оқушылардың этнотанымдық деңгейін дамытуда «Сөздікпен жұмыс» әдісін қолданған тиімді. Бұл тапсырмаға лиро-эпостық жырлардағы көнерген сөздерді, оқушыларға бейтаныс, түсініксіз сөздерді, тұрақты тіркестерді алуға болады.

Мысалы жырдың аудионұсқасы бойынша үзінді тыңдап, әр топ үзінді бойынша тұжырым жасайды.

Кесте 1 – «Сөздікпен жұмыс» әдісінің негізіндегі тапсырма

Үлгі:

| Жырдағы сөздер | Сөздікте берілген мағынасы<br>(Қазақ әдеби тілінің<br>түсіндірме сөздігі)                                                              | Сөйлеу әрекетіндегі<br>жұмсалымдық қызметі<br>(«Қыз Жібек» жыры<br>негізінде) |
|----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| Асфхани        | Исфahan қаласы – Иранның<br>орталық бөлігіндегі қала.<br>Зайендеруд өзенінің<br>жағасында, Тегераннан 340<br>км қашықтықта орналасқан. | Асфхани кілемдер –<br>Жібектен гүлін торлаған...                              |
| Бидайық        |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Зарпы          |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Дембелше       |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Долана         |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Дүрия          |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Қамқа          |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Көбеген        |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Торқа          |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Шытырма        |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Сәруар         |                                                                                                                                        |                                                                               |
| Мая            |                                                                                                                                        |                                                                               |

|          |  |  |
|----------|--|--|
| Мұрындық |  |  |
| Үлек     |  |  |
| Бұйда    |  |  |
| Жағдан   |  |  |
| Тұйғын   |  |  |

**1-тапсырма.** «Қыз Жібек» жырынан үзінді оқи отырып, тақырып пен жыр арасында қандай байланысты анықтадыңыз? Жырда қыз бала образы ашылған ба?

жырда кездесетін бейтаныс лексикалық бірліктерді табыңыз.

Лексикалық бірлік дегеніміз – тіл лексикасының негізгі элементтерін құрайтын бір сөз, сөздің бір бөлігі немесе сөздер тізбегі.

**Мақсаты:** - халық ауыз әдебиеті тілімен таныстыру;

- жырдың негізгі кейіпкері саналатын Қыз Жібек образын ашуда қолданылған тәсілдерді анықтау;

- этнолексикалық бірліктердің жырға беретін эмоционалдық-экспрессивтік бояуын табу;


- қыз бала образын ашу үшін халқымыз айшықтауларды ұтымды қолдана білгендігін түсіндіру.

**Нәтижесі:** - оқушы этнолексиканы меңгереді.

- мәтінде көркемдеуіш құралдардан бөлек этнолексикалық бірліктер арқылы сипаттауды көркем жасауға болатынын үйренеді.

- қыз бала образын ашуда монологтан бөлек диалогтың да маңызды рөл атқаратынын түсінеді.

- екі ғасырдың қыздарының артықшылығы мен айырмашылығын ажыратып, талдап үйренеді.



Анаға деген құрмет қазақ халқының тарихында мемлекеттілік тарихымен, қазақ халқының этногенезімен, халқымыздың мәдениетімен, рухани өмірімен қатар дамып, біте қайнасып келеді. Оның ежелгі замандардағы көрінісін бүкіл түрік тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңірісі болып саналған Ұмай анаға деген табынуынан көрсек, мың жылдан астам уақытқа созылған орта ғасырларда, әсіресе оның ислам дәуірі кезеңінде «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» және осындай сипаттағы қағидалар арқылы берік орнығады», – дей аламыз [9].

«Үй маңында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, ауылында қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» – деген мақалдан-ақ халқымыздың, тұла бойымызға даналық, мейірімділік қасиеттерін сіңірген атаның, ақсақалдың, қарияның, әкенің жалпы бейнесін ашып көрсетеді. Халық ауыз әдебиетінде ата сөзі әке мағынасында да жиі қолданылады.

Көке – туыстық қатынасты білдіретін атау. Ағайынды екі адамның үлкенінен туған ұл немесе қыздары әкесін «көке» деп атайды. «Көке» сөзі кейде өз әкесін атау үшін де қолданылады. Бала атасына бауыр басып, өз әкесін, аға деп есептеген жағдайда оны «көке» дейді [10].

- Туыстық атаулар жергілікті қолданыс бойынша өзіңе қосымша тағы қандай мағына үстеген? Туыстық атауларды жіктеп көрсет.

Қазақ арасында толып жатқан туыстық және жақындық жүйесіне байланысты қалыптасқан өте көп атаулар бар. Қазақтың туыстық жүйесі классификациялық жүйеге жатады. Мұны біз көптеген этнографиялық әдебиеттерден және ел арасынан жиналған деректерден анық көреміз. Бұл жүйенің классификациялық деп аталу себебі, бір атаудың

құдандалық және туыстық-жақындық жүйесінің бірнеше тобына ортақ болатындығынан. Мәселен, «аға» деген атаумен айтушының бірге туған ағасы, немере, шөбере, аталас жасы үлкен еркектер, әкесінің інілері аталса, «жиен» деген атаумен айтушының қызынан, бірге туған апа-қарындасынан немесе немере, шөбере және аталас апа-қарындастарынан туған бөлелер аталады[11].

#### Мақсаты:

- “Қыз Жібек” жырындағы ер образын жасау жолдарын таныстыру
- Жырда кездесетін көркемдеуші құралдарға талдау жасауды үйрету
- Үзінде қолданылған туыстық атаулардың мағынасын анықтау. Сонымен қатар, туыстық атаулардың қосымша мағынасын зерттеу жүргізуге баулу

#### Нәтижесі:

- қазақ зерттеулерінде ер адамның образын талдауды үйренеді.
- ер образын жасауда қолданылатын көркемдеуші құралдарды анықтайды. Образды жасаудың жолдарына талдау жасайды
- туыстық атаулардың мағынасының кеңеюі мен тарылуы жолдарын анықтайды.

#### 3-тапсырма. Үзіндіні оқыңыз..

Қара жорға мінгені,

Қара **торқа** кигені....

**Шытырма** көйлек етінде,

**Қамқа** зерлі кілемді,

Казинелі қырық нарға

Дүрия бешпент бел,

**Абжыландай** толғанып,

Қыз Жібек мінген **күймесін**,

«Ел жайлаған Ақжайық,

Жағалай біткен **бидайық**..

Зерттеу барысында жоғарыда келтірілген қазіргі таңда қолданыста жоқ немесе мағынасы басқаша қолданылатын сөздердің астарына талдау жасатамыз.

Мысалы «торқа» сөзі мата атауының бірі – ең қымбат жібек матаның атауынан шыққан. Сонымен қатар, «торқа» той-думан мағынасында да қолданылады. «Торқалы көйлек, торқаға орану, торқалы той» деген тіркестер әлі «тірі». Қалада болмаса да алыс ауылдарда айтылып жатады. Торқалы той, тұмарлы жүйрік – даңқты үлкен мереке, кәделі, салтанатты жиын, мерейтой. Торқалы той, топырақты өлім – бір қуаныш, бір қайғы [12]. Бұл ұлтымыздың ежелден келе жатқан бірлігі, ағайын-туыс, тұтас елдің ұрандасып, баталасып, барлығын да бірге атқарысуы. Ауыл, рулы ел болып жұмылу салтын білдіреді. Алайда қазіргі таңда бұл сөз көбінесе тек қайтқан адамға көңіл айту мақсатында «Топырағы торқа болсын» тіркесінде ғана қолданылып жүр. Осы орайдағы біздің мақсатымыз оқушыларға көнерген сөздерге талдау жасату арқылы түпкі мағынасын ашып, тілдік рефлексиясын дамыту.

«Дүрия бешпент» тіркесіндегі «бешпент» М. Қашқари өз зерттеулерінде ішмек қозы терісінен тігілген бешпент – деген түрін атайды. Осы тұлғалы сөз парсылардан арабтарға өткен болса керек, араб тілінде: бишт – плащ іспеттес киім мағынасын береді. Жырда «бешпент» қалыңдықтың сырт киімі сипатында қолданылып тұр [13]. Ол да асыл матадан алтын жіппен зер салынып, өрнектеліп тігіледі. Шапанның өңіріне оюлы өрнек салынса, етегіне өсімдік тектес өрнектер кестеленеді. Бұл - өсіп-өнсін, өркенді болсын деген тілек белгісі. Ал «дүрия» сөзінің этнолингвистикалық сипатына тоқталсақ, дүрия - жылтырауық, тығыз, жібек мата. Дүриядан көбінесе қыз-келіншектердің сән-салтанатты киімдері (көйлегі, қамзолы) тігіліп, жігіттердің бас киімдері (бөрігі, жекей тымағы) тысталған.

Әбжылан – ертедегі аңыздарда, жырларда кездесетін мифологиялық образ. Ежелгі дәуірде жылан тотем болып саналған. Яғни ғажайып тылсым қасиеттердің иесі. Сондықтан жылан қазақи ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың және наным-сенімдердің негізгі нысандарының бірі болды. Әсіресе, қазақтың фольклорлық дәстүрінде әбжыланды жағымды мифопоэтикалық образға айналды. Мысалы, «Әбжылан қабықты жігіт» қиял-ғажайып ертегісінде сәби жылан киімінде туады да, алапат күшке, сиқыршылыққа ие болады. Сондай-ақ, батырдың кереметтігін, әйелдің таңғажайып сұлулығын да әбжыланға теңеген тұрақты теңеулер мен сөз орамдары эпикалық жырларда жиі кездеседі. Мысалы,

Әбжыландай толғанып,

Шұбарға қарғып мінеді

(«Алпамыс» батыр жыры)

Алтында қамшы қолға алып,  
Әбжыландай толғанып,  
Бұралып кетіп барады  
(«Қыз Жібек» жыры)

Түркі халықтарының дәстүрлі мифологиялық түсінігінде жылан төменгі әлемнің өкілі болып саналады, ол алтынды қорып күзетеді, темір мен ұсталық кәсіпті жебеуші рухқа ие. Ертөстік ертегісінде бас кейіпкер жылан Бапыханның еліне саяхат шегеді, оның қызына үйленеді. Жер астындағы жылан патшалығын Шаһмаранның елі деп те атайды. Арбауда мары-мары жылан деген сөз бар, мұндағы мары парсыша «жылан» деген мағынаны береді. Ал әбжылан «үлкен алып жылан» дегенді аңғартады. Сонымен бірге аңыздар мен мифтік әңгімелерде жердің белдеуін әбжылан орап тұрады деген түсінік бар. Тотемдік танымның көмескіленуіне байланысты кейінгі замандарда әбжылан «қаскөй күш» ретінде көрінеді [14].

Кез келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр кезеңінде теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттігі туындайды. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танытушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

Осылайша, қоғам дамуы үшін оның мәдениеті дамуы сөзсіз, ал мәдениетті жоғары деңгейге көтеретін – тіл, кейде мәдени код пен тілдік кодтың арасындағы түсініспеушілік ұлттың адамзаттық дамуына әсерін тигізеді.

## Қорытынды

Әрбір халықтың өзіндік рухани-мәдени өмірі болады. Бүгінгі таңда аса өзекті тақырыптардың бірі ұлттық құндылықтарды зерттеу, оны жас ұрпақ санасына сіңдіріп, ұлттық мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу болып отыр. Сондықтан да біз өз зерттеуімізді этнотанымдық рөл арқалаушы этнолексикалық бірліктерге арнадық. Әлемнің тілдік бейнесін халық ауыз әдебиеті арқылы тану бізге ғалам және адам, адамның рухани-танымдық мүмкіншілігі туралы жан-жақты терең ақпарат, дерек беретіні сөзсіз. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық таным ерекшелігі мен құндылықтар жүйесін, оның жалпы рухани-мәдени өркениеттік деңгейдегі танымдық мәнін айқындауға көмектеседі.

Қорыта келгенде, лиро-эпостық жырларды оқыту барысында оқушылардың тілдік танымы мен этнотанымын дамыту, көнерген сөздер мен халық ауыз әдебиетіндегі этнолексикалық бірліктерді жинақтау және оларды лексика-семантикалық топтарға топтастыру, этнолингвистикалық талдау жасау арқылы мәдени кодты аштыру ұлттық танымды дамытуда маңызды міндеттерді атқарады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 287 б.
- 2 Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.
- 3 «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2023 ж.
- 4 <https://adilet.zan.kz/> (өтініш берілген күн: 18.02.2024)
- 5 Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу- әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.

- 6 Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.
- 7 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 258 б.
- 8 Ыбырай Алтынсарин тағлымы. / Құраст.: Жармұхамедов М. – Алматы, 1991.
- 9 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011
- 10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. /Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 384 б
- 11 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. - Алматы: Ғылым, 1998. — 196 б.
- 12 Бекмухамбетова Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 200 б
- 13 Кенжеахметұлы С. Туыстық атаулар сыры. Алматы: «Ана тілі», 2003.-43 б.
- 14 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тіл дамыту институты, 2017. – 656 б

### References

- 1 Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı äleminde. – Almaty: Daik-Pres, 2009. – 287 b.
- 2 Älimov A.Q. İnterbelsendı oqytu ädistemesin mektepte qoldanu. Oqu qūraly /«Nazarbaev ziatkerlik mektepteri» DBBŪ Pedagogikalyq şeberlik ortalyğy, 2014. – 188 bet.
- 3 «Qazaq tılı» jäne «Qazaq ädebieti» pänderi boıynşa pedagog kadrlardyñ bılıktılıgın arttyru kursynyñ bılım beru bağdarlamasy. «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBŪ Pedagogikalyq şeberlik ortalyğy, 2023 j.
- 4 <https://adilet.zan.kz/> (application date: 18.02.2024)
- 5 Bastauyş synyp mūğalımderne arnalğan kriterialdy baғalau boıynşa nūsqaulyq: Oqu- ädist. qūral /«Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBŪ /O.İ.Mojaeva, A.S.Şilibekova, D.B.Ziedenovanyñ redaksiasymen. - Astana, 2016. - 48 b.
- 6 Орта бılım mazmūnyn Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri tājiribesı negızinde jañartu. Ädistemelik qūral. – Astana: Y. Altynsarin atyndağy Ūlttyq bılım akademiasy, 2018.
- 7 2016-2017 oqu jylynda Qazaqstan Respublikasynyñ jalpy orta bılım беретін üiymdarynda oqu prosesin üiymdasty Rudyñ erekselikteri turaly. Ädistemelik nūsqau hat. – Astana: Y. Altynsarin atyndağy Ūlttyq bılım akademiasy, 2016. – 258 b.
- 8 Ybyrai Altynsarin tağlymy. / Qūrast.: Jarmūhamedov M. – Almaty, 1991.
- 9 Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ дәstūrlı jüiesı. Ensiklopedia. - Almaty: DPS, 2011.
- 10 Qazaq tiliniñ tūsındırme sözdıgı. /Jalpy redaksiasyn basqarğan T.Janūzaqov. – Almaty: Daik-Press, 2013. – 384 b.
- 11 Смағұлова Г. Мағьналас frazeologizmderdıñ ūlttyq мәдени aspektileri. -Almaty: Ğylym, 1998. — 196 б.
- 12 Bekmuhambetova E.B. Qazaq tilindegi arab-parsy sözderi. – Almaty: Qazaqstan, 1977. – 200
- 13 Kenjeahmetuly S. Tuystyq ataular syry. Almaty: «Ana tılı», 2003.-43 b.
- 14 Mamyrbekova G. Qazaq tilindegi arab, parsy sözderiniñ tūsındırme sözdıgı. – Almaty: Memlekettik til damytu instituty, 2017. – 656 b.

Shahniza Kabulova<sup>1</sup>, Khafiza Ordabekova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>«SDU University», Kaskelen, Kazakhstan

e-mail: [shahniza.kab@gmail.com](mailto:shahniza.kab@gmail.com)

### WAYS OF TEACHING THE COGNITIVE NATURE OF ETHNOLEXICS IN THE SONG " KYZ ZHIBEK"

**Abstract.** Language is the main indicator of the spiritual and cultural wealth of an ethnic group. Linguistic data on the national identity, national worldview, and national system of thinking of an ethnic group are stored in its language unity and transmitted to future generations. The expression of the language of any people depends on its history, culture, literature, traditions, customs, worldview, common way of life and gives a lot of data from the world of this language. By revealing the cultural information behind ethnolexic units, one can recognize the worldview, culture of that people. One of the most informative linguistic sources of spiritual and material culture of the Kazakh people is folklore, in particular, zhyrau poetry, oratory, Lyro – epic songs, etc.

The article discusses ways to teach schoolchildren the cognitive nature of ethnolexics in the song «Kyz Zhibek». In accordance with this, a set of tasks and training samples based on the updated educational program are displayed. In particular, an ethnolinguistic analysis of ethno-cultural units that inform our national culture in zhyr was carried out, work was carried out to increase the ethno-cultural activity of students and the formation of ethno-cultural competence on the basis of various tasks in the course of training.

**Keywords:** updated educational program, values, skills, teaching methods, learning goals, ethnolexics, ethnolinguistic analysis, language information, cultural information.

*Кабулова Шахниза<sup>1\*</sup>, Ордабекова Хафиза<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup>«SDU University», Каскелен, Казахстан

e-mail: [shahniza.kab@gmail.com](mailto:shahniza.kab@gmail.com)

## СПОСОБЫ ПРЕПОДАВАНИЯ КОГНИТИВНОЙ ПРИРОДЫ ЭТНОЛЕКСИКИ В ПЕСНЕ "КЫЗ ЖИБЕК"

**Аннотация.** Язык является основным показателем духовного и культурного богатства этноса. Языковые данные о национальной идентичности, национальном мировоззрении, национальном образе мышления этноса сохраняются в его языковом единстве и тем самым передаются будущим поколениям. Выражение языка любого народа зависит от его истории, культуры, литературы, обычаев, обычаев, мировоззрения, общего быта и дает обширные данные из мира этого языка. Раскрывая культурную информацию, лежащую в основе этнолексических единиц, можно распознать мировоззрение, культуру этого народа. Одним из языковых источников, дающих обширную информацию о духовной и материальной культуре казахского народа, является устная народная литература, а именно поэзия жырауов, ораторское искусство, лиро – эпические псалмы и др.

В статье рассматриваются пути обучения школьников познавательному характеру этнолексии в песне «Кыз Жибек». В соответствии с этим на основе обновленной образовательной программы демонстрируются комплекс заданий и тренировочные модели. В частности, был проведен этнолингвистический анализ этнопознавательных единиц, информирующих нас о национальной культуре, в ходе обучения была проведена работа по повышению этнопознавательной активности и формированию этнопознавательной компетентности учащихся на основе различных заданий.

**Ключевые слова:** обновленная образовательная программа, ценности, навыки, методы обучения, цели обучения, этнолексика, этнолингвистический анализ, языковая информация, культурная информация.

*Келін түсті 10 Сәуір 2024*